

## Мен армандаған мамандық

Арман- бұл алами тұрғыда ерекше құбылыс. Әр адамның арманы әртүрлі десем қателеспеспін. Ал менің арманымдағы мамандық журналистика мамандығы. Кейде журналистика мамандығы маған лайықты емес деген ойлар мазалайды. Бірақ журналистика мамандығын өз жүрек қалауым арқылы таңдағаным есіме түссе бәрі жеңілдейді.

Журналистика маманды менің арманым емес, нақты мақсатым. Шындық пен жалғанды ажыратып, шындықты халыққа жеткізуге-мақсатым. Журналистика мамандығы тек жақсылық көру деген сөз жоқ. Бүгін халықтың қуанышын көрсен, ертең басқа адамның мұның көресін. Ал сол сезімдерді сезініп, халықтың жанын түсіну, ол туралы мақала жазу, керек болса жаңалықтарға халықтың алдына шығу көп адамдардың қолынан келе бермейтін дүние. Мен армандаған мамандықтың ерекшелігімен маңыздылығы осында жатыр. Әлем жаңалыққа толы дүние. Жан-жақты болу, әлемнен бөлек халықпен бірге болу нағыз мықты журналисттің сипаты. Ал мен сол сипатқа ие болғым келеді.

Қорытындылай келе мен арманлаған мамандық- журналист болу. Қазір журналистика саласы қарқынды даму үстінде. Оған дәлел қазақ журналисттері Әлия Әшім, Жанерке Сейфуллина, Айкерім Есенәлі т.б. Олар тек мақала жазып, телеведениеге шығып қана қоймай, ютуб, инстаграм желісіне түрлі пайдалы подкасттар мен контенттер түсіріп салуда. Бұл іс тек халыққа жаңалық жеткізу емес, олардың дамуына үлес қосу. Саналы әрі білімді журналист болу, келер ұрпақ пен халықтың болашағына дұрыс бағдар болып, өз мақсатына жетіп, халықтың сүйіспеншілігіне бөлену әр журналисттің арманы.

200 сөз